

# Ұлы күні ұлыстың! Наурыз

№11 (20 928)  
19 наурыз,  
2026 жыл, бейсенбі



## Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Instagram: Atyrau.gazeti
- Email: atyrau\_gazeti@mail.ru
- Facebook: Атырау газеті
- Website: www.atr.kz
- Telegram: «Атырау» газеті
- Twitter: atyrau\_gazeti
- YouTube: Atyrau\_news
- Other: Атырау жаңалықтары



## ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

АҚОРДАДА ӨТКЕН ІС-ШАРАФА ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВ, ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ МӘУЛЕН ӘШІМБАЕВ, ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВ, МЕМЛЕКЕТТІК КЕҢЕСШІ ЕРЛАН ҚАРИН, ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ АЙБЕК ДӘДЕБАЙ, ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ, ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАРДЫҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ, ОБЛЫС, АСТАНА, АЛМАТЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘКІМДЕРІ, СОНДАЙ-АҚ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ МЕН ЖАЛПЫАТТЫҚ КОАЛИЦИЯ МҮШЕЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Құрмет қарауылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң еліміздің Өнұраны орындалды.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жана Конституция жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялады.

Содан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Салтанатты рәсімнен кейін Президент сөз сөйледі.

(Соңы 2-бетте)

## Ардақты Атырау халқы, қадірлі қонақтар!

Сіздерді ырыздықтың бастауы, ырыстың қайнары – Наурыз тойымен шын жүректен құттықтаймын! Ұлыстың ұлы күні ретінде дәріптелетін ұлттық мерекеміз құтты болсын!

Наурыз – салт-санамыздың иірімдері тоғысқан тағалымды мейрам. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен мереке ауқымы бұрынғыдан да кеңейіп, елімізде жалпыұлттық Наурызнама онкүндігін өткізу игі дәстүрге айналды. Мерекелер легі Атырау өңірін де айшықтай түсіп, ұлттық құндылықтар жұртшылыққа кеңінен насихатталуда. Мұның бәрі жас ұрпақтың бойындағы қазақы болмыстың бояуын қанықтырып, даралығымызды айқындай түсетін дүниелер.

### Ардақты ағайын!

Наурыз – жылдың басы. Табиғатқа жан бітіп, тіршілік жаңартатын шақ. Көңілдерге сенім ұялап, жаңа іске құлшыныс оялатын кез.

Баршаңызды осынау ізгі мейраммен құттықтай отырып, еңбектің өнбегі мол, бастамалар табысты болсын деп тілеймін.

Әр шаңырақты шаттық кернеп, жайсаң жұрттымыздың жүзінен қуаныш кетпесін.

Жылқы жылының желісі жайлы, Ұлыс оң, несібе мол, аспанымыз ашық, еліміз тыныш болсын!

Серік ШӘПКЕНОВ,  
Атырау облысының әкімі



## Құрметті Атырау облысының тұрғындары мен қонақтары!

«Теңішевройл» ЖШС-нің көпұлтты ұжымы атынан сіздерді жаңару мен жаңғырудың, бірлік пен жаңа бастамалардың жарқын нышаны – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Наурыз – ықылым заманнан бері көктемнің келуінің белгісі болып, салт-дәстүрге деген құрмет пен жарқын болашаққа деген сенімді бейнелейтін мерейлі мереке. Бұл күн татулықтың, өзара қолдаудың және ортақ игілік жолындағы жауапкершіліктің маңызын тағы бір мәрте еске салады.

«Теңішевройл» компаниясы өз қызметі барысында бірлесе жұмыс атқаратын адамдар мен қауымдастықтардың үлесін жоғары бағалайды және елдің экономикалық әрі әлеуметтік дамуына өз үлесін қоса отырып, қауіпсіз, тұрақты және жауапты даму қағидаларын берік ұстануды жалғастырып келеді.

Жаңа жылда баршаңызға мықты денсаулық, бейбітшілік пен келісім, бақ-береке және ертеңгі күнге деген нық сенім тілейміз. Наурыз әр шаңыраққа тұрақтылық пен молшылық әкеліп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашсын.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Наурыз мерекесі құтты болсын!

Билли ЛАКОБИ,  
«Теңішевройл» ЖШС  
бас директоры

Қуанышкерей МҰХТАРОВ,  
«Теңішевройл» ЖШС  
бас директорының орынбасары

